

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ  
М. БӨКЕНБАЕВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ЗАҢ ИНСТИТУТЫ**

**БЕКІТЕМІН**

Ғылыми кеңестің төрағасы  
Қазақстан Республикасы  
ІІМ М.Бөкенбаев атындағы  
Ақтөбе заң институтының  
бастығы З.Ғ.Қ.  
полиция доковникі  
И.Қаракүшев  
2017 ж. «26» «01»

**Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы  
Ақтөбе заң институтының редакциялық-баспагерлік кеңесінің  
ЕРЕЖЕСІ**

Институт ғылыми  
кеңесімен мақұлданған  
хаттама № 8  
«26» «01» 2017 жыл

Ақтөбе, 2017

## **1. Жалпы ереже**

1.1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының Редакциялық-баспагерлік кеңесі (әрі қарай - РБК) өз жұмысын редакциялық-баспагерлік қызметі бойынша нормативтік құжаттарға, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының (әрі қарай - институт) жарғысына және осы Ережеге сәйкес ұйымдастырады.

1.2. РБК қоғамдық бастамада жоғары білікті мамандарды тартумен құрылады.

1.3. РБК институт бойынша жариялауға дайындалған баспа өнімдеріне ұсыным жасау жөніндегі сұрақтарды қарастырады. РБК шешімі міндетті орындауға жатады.

1.4. РБК құрамы мен Ережесі институттың Ғылыми кеңесімен бекітіледі. РБК құрамы және ғылыми жинақтардың редакциялық алқасы қажеттілігіне қарай жаңартылады, бірақ 2 жылда бір реттен кем емес.

1.5. РБК отырысы қажеттілігіне қарай өткізіледі, бірақ жылына бір реттен кем емес. Сонымен бірге кафедралар мен РБК мүшелерінің біріккен кеңейтілген отырысын өткізуге болады.

## **2. РБК-ның ұйымдастырушылық жұмыстары мен міндеттері**

2.1. РБК жұмысының ұйымдастырушылық жұмыстарын, жоспарларын, есептерін және құжаттарын дайындауды РБК хатшысы жүзеге асырады.

2.2. РБК-ның басты міндеттері:

- басылымдарды тақырыптық жоспарлау;
- оқу орнынан шығарылатын ғылыми, оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттердің жоғары ғылыми және әдістемелік деңгейін қамтамасыз ету бойынша бақылауды жүзеге асыру;
- жалпылай заң ғылымының өркендеуі үшін теориялық қызығушылық тудыратын және тәжірибелік маңызы бар монографиялар мен мақалаларды жариялауға авторға көмек көрсету;
- оқу орнының және Қазақстан Республикасы ПМ-нің өзге де жоғары оқу орындарының қызметкерлері қатарынан жетекші ғалымдардың, неғұрлым білікті оқытушылардың және авторлық ұжымдардың ғылыми, оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттерін басып шығаруға тарту;
- ғылыми және оқу басылымдарын дайындау кезінде параллелизмді және қайталануды жою.

## **3. РБК-ның құқықтары мен міндеттері**

3.1. Институттың РБК құқылы:

- ҒЗжРБЖҰ бөлімінің басылымдарды дайындаудың жыл сайынғы жоспарларын қарастырып, кейін институттың Ғылыми кеңесіне ұсынуға;

- ҒЗЖРБЖҰ бөлімінің ұсынымы бойынша ғылыми жинақтардың редакциялық алқа құрамын бекітуге;
- ҒЗЖРБЖҰ бөлімінің баспа қызметінің тәжірибесіне жүйелі түрде сараптама жасауға және талдап қорытуға;
- институттың баспа қызметінің сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік кітап палатасымен байланыс жасауға.

### 3.2. РБК міндетті:

- институт бөлімдерінің оқу және ғылыми басылымдарын шығару жоспарын құрастыруға өтінімдерді қарастыруға;
- авторлар мен авторлық ұжымдар ұсынған қолжазбаларды бағалауға.

3.3. РБК басылымдардың жоғары ғылыми және әдістемелік деңгейін қамтамасыз ету мақсатында кафедра отырыстарында басып шығаруға ұсыным жасалған қолжазбалардың дайындалуына бақылау жасауды жүзеге асырады.

Шығарылатын әдебиеттің ғылыми мазмұнына, оның ғылым мен тәжірибе үшін өзектілігіне жауапкершілік авторларға және авторлық ұжымның жетекшілеріне жүктеледі.

3.4. РБК қолжазба бағасын бере отырып, қолжазбаны басылымға ұсынуы, авторға қайта қарауға қайтаруы, қабылдамай тастауы және оны басылым жоспарынан алып тастауы мүмкін.

3.5 Қолжазбаның бағасы келесі элементтерден құралады: тақырыптың өзектілігі, жұмыстың ғылыми деңгейі, материалдың (теориялық, әдістемелік және тәжірибелік) жаңашылдығы, материал мазмұнының стилі мен нысаны, мемлекеттік стандарт және салалық стандарттар талаптарына сәйкестігі.

3.6 Қолжазбаның бағасы кафедра отырысының шешіміне және жеке жетекші ғалымдар мен мамандардан алынған пікір-сараптарға негізделеді.

3.7 Қолжазбаларды резензиялауды РБК мүшелері немесе ұсынылған пікір-сарап қанағаттанарлықсыз болған жағдайда тартылған кеңес жүргізеді.

3.8 Пікір-сарап қолжазбаның білікті талдауы болуы, оның ғылыми және тәжірибелік әлеуетін ашуы, материалдың жаңашылдығы мен жан-жақтылық бағасын беруі тиіс.

3.9 РБК басылымға шығарылатын қолжазбаның, ғылыми жұмыстың сапасы мен көлемі бойынша шешімді қарастырады және шешім қабылдайды. РБК-ға басып шығаруға бекітілген қолжазбаның шешіміне қатысты наразылық түскен жағдайда, РБК тиісті шешім қабылдайды.


## 4. РБК-ның талабы

4.1. РБК өз қызметінде келесі талаптарды басшылыққа алады:

- жарияланатын жұмыс аяқталған зерттеулердің немесе оның кезеңдерінің нәтижесін қамтуы тиіс;
- тапсырылған жұмыстың мазмұны тақырыпқа толықтай сәйкес болуы тиіс;
- қолжазбаны басылымға ұсыну кезінде оның таратылу мүмкіндігі мен оқырмандар аясы есепке алынады;

- өзге де тең шарттар кезінде артықшылықтар монографияларға, оқу құралдарына және анықтамалық оқу-әдістемелік басылымдарына беріледі;
- шығарылған жұмыстың нақты көлемі тапсырысқа сәйкес болуы тиіс.

КЕЛІСІЛДІ:

Институт бастығының  
ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары  
заң ғылымдарының кандидаты  
полиция подполковнигі  Ф.Сулейманова

2017 ж. « 25 » 01